

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қасиетті Тақтың Мемлекеттік хатшылығы арасындағы Қасиетті Тақтың дипломаттық паспорттардың иелерін Қазақстан Республикасының визалық талаптарынан босату туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 1 тамыздағы № 761 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 2013 жылғы 31 қаңтарда Ватикан қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қасиетті Тақтың Мемлекеттік хатшылығы арасындағы Қасиетті Тақтың дипломаттық паспорттардың иелерін Қазақстан Республикасының визалық талаптарынан босату туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан

Республикасы

Үкімет ініц

2013

жылғы

1

тамыздары

№

761

қаулысымен

бекітілген

(2013 жылғы 19 қыркүйекте күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2013 ж., № 6, 60-күжат)

№ 13-1/347

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қасиетті Тақтың Мемлекеттік хатшылығына өзінің ілтипатын білдіреді және Қазақстандағы Апостол нунциатурасының 2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 1491/7.2 нотасына жауап ретінде Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан мынадай мазмұндағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қасиетті Тақтың Мемлекеттік хатшылығы арасындағы Қасиетті Тақтың дипломаттық паспорттардың иелерін Қазақстан Республикасының визалық талаптарынан босату туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім жасасуды ұсынуды өзіне мәртебе санаиды:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қасиетті Тақтың жарамды дипломаттық паспорттардың иелерін алғашқы келген сәтінен бастап 6 (алты) ай ішінде күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын кезеңге Қазақстан Республикасының аумағына келу, кету және транзитпен өту мақсатында виза алу қажеттілігінен босатады.

2. Аккредиттетін мемлекеттің дипломаттық өкілдігінің немесе консулдық

мекемесінің жазбаша сұратуы негізінде қабылдаушы мемлекеттің құзыретті органдары болу мерзімін ұзартуға рұқсат беруі мүмкін.

Қ а с и е т т і
М е м л е к е т т і к

т а қ т ы ң
х а т ш ы л ы ғ ы

Ватикан қаласы

3. Қазақстан Республикасында дипломаттық өкілдіктің немесе консулдық мекеменің қызметкерлері ретінде қызметтік іссапарда жүрген Қасиетті Тақтың жарамды дипломаттық паспорттардың иелері оларды аккредиттеу кезеңінде виза ресімдемей Қазақстан Республикасының аумағына келе алады, бола алады және кете а л а д ы .

4. Қасиетті Тақтың Мемлекеттік хатшылығы осы Келісім күшіне енгеннен кейін кем дегенде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жарамды дипломаттық паспорттың үлгісін дипломатиялық арналар арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметіне жібереді.

Дипломаттық паспорттарға қандай да бір өзгерістер енгізілген жағдайда, Қасиетті Тақтың Мемлекеттік хатшылығы оларды қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын дипломаттық паспорттың жаңа үлгісін дипломатиялық арналар арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметіне жібереді.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында болуы қолайсыз деп танылған Қасиетті Тақтың дипломаттық паспорт иесінің келуінен бас тарту, болу мерзімін қысқарту немесе тоқтату құқығын, сондай-ақ осы Келісімнің қолданысын ішінара немесе толық уақытша тоқтата тұру құқығын өзіне қалдырады.

Қасиетті Тақтың Мемлекеттік хатшылығы осы Келісімнің қолданысын тоқтата тұру туралы, мұндай шешім қабылданғанға дейін кемінде 72 (жетпіс екі) сағаттан кешіктірмей дипломатиялық арналар арқылы хабардар етіледі.

Мұндай тоқтата тұру Қазақстан Республикасының аумағында жүрген, осы Келісімнің 1 және 3-тармақтарында көрсетілген Қасиетті Тақтың жарамды дипломаттық паспорттар иелерінің құқықтық жағдайына әсер етпейді.

6. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге қосымша хаттамалармен, оның ішінде дипломаттық ноталар алмасу жолымен ресімделетін және оның ажырамас бөліктері болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

7. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі оның қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тараптың жазбаша хабарламасын дипломатиялық арналар арқылы алған күнінен бастап 3 (үш) ай өткен соң өзінің қ о л д а н ы с ы н т о қ т а т а д ы .

Министрлік Қасиетті Тақтың Мемлекеттік хатшылығы жоғарыда баяндалғандарға келіскең жағдайда, осы нота және Қасиетті Тақтың Мемлекеттік хатшылығының жауап нотасы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қасиетті Тақтың Мемлекеттік хатшылығы арасындағы Қасиетті Тақтың дипломаттық паспорттардың иелерін

Қазақстан Республикасының визалық талаптарынан босату туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді құрайтынын және Қасиетті Тақтың Мемлекеттік хатшылығы дипломатиялық арналар арқылы Қазақстан Тарапының оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы жазбаша хабарламасын алған күнінен кейінгі күні күшіне енетінін негізге алады.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі мүмкіндікті пайдалана отырып, Қасиетті Тақтың Мемлекеттік хатшылығына өзінің зор құрмет сезімін білдіретіндігін тағы да растайды.

Астана, 2013 жылғы 15 қаңтар.

Қасиетті Тақтың Мемлекеттік Хатшылығы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне өзінің ілтипатын білдіреді және 2013 жылғы 15 қаңтардан № 13-1/347 мынадай мазмұндағы нотасын алғанын растауды өзіне мәртебе санайды.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қасиетті Тақтың Мемлекеттік хатшылығына өзінің ілтипатын білдіреді және Қазақстандағы Апостол нунциатурасының 2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 1491/7.2 нотасына жауап ретінде Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан мынадай мазмұндағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қасиетті Тақтың Мемлекеттік хатшылығы арасындағы Қасиетті Тақтың дипломаттық паспорттардың иелерін Қазақстан Республикасының визалық талаптарынан босату туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім жасасуды

ұсынуды өзіне мәртебе санайды:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қасиетті Тақтың жарамды дипломаттық паспорттардың иелерін алғашқы келген сәтінен бастап 6 (алты) ай ішінде күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын кезеңге Қазақстан Республикасының аумағына келу, кету және транзитпен өту мақсатында виза алу қажеттілігінен босатады.

2. Аккредиттетін мемлекеттің дипломаттық өкілдігінің немесе консулдық мекемесінің жазбаша сұратуы негізінде қабылдаушы мемлекеттің құзыретті органдары болу мерзімін ұзартуға рұқсат беруі мүмкін.

3. Қазақстан Республикасында дипломаттық өкілдіктің немесе консулдық мекеменің қызметкерлері ретінде қызметтік іссапарда жүрген Қасиетті Тақтың жарамды дипломаттық паспорттардың иелері оларды аккредиттеу кезеңінде виза ресімдемей Қазақстан Республикасының аумағына келе алады, бола алады және кете алады.

4. Қасиетті Тақтың Мемлекеттік хатшылығы осы Келісім күшіне енгеннен кейін кем дегендे күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жарамды дипломаттық паспорттың үлгісін дипломатиялық арналар арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметіне жібереді.

Дипломаттық паспорттарға қандай да бір өзгерістер енгізілген жағдайда, Қасиетті Тақтың Мемлекеттік хатшылығы оларды қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын дипломаттық паспорттың жаңа үлгісін дипломатиялық арналар арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметіне жібереді.

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі

Астана қаласы

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында болуы қолайсыз деп танылған Қасиетті Тақтың дипломаттық паспорт иесінің келуінен бас тарту, болу мерзімін қысқарту немесе тоқтату құқығын, сондай-ақ осы Келісімнің қолданысын ішінara немесе толық уақытша тоқтата тұру құқығын өзіне қалдырады.

Қасиетті Тақтың Мемлекеттік хатшылығы осы Келісімнің қолданысын тоқтата тұру туралы, мұндай шешім қабылданғанға дейін кемінде 72 (жетпіс екі) сағаттан кешіктірмей дипломатиялық арналар арқылы хабардар етіледі.

Мұндай тоқтата тұру Қазақстан Республикасының аумағында жүрген, осы Келісімнің 1 және 3-тармақтарында көрсетілген Қасиетті Тақтың жарамды дипломаттық паспорттар иелерінің құқықтық жағдайына әсер етпейді.

6. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге қосымша хаттамалармен, оның ішінде дипломаттық ноталар алмасу жолымен ресімделетін және оның ажырамас бөліктері болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

7. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі оның қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тараптың жазбаша хабарламасын дипломатиялық арналар арқылы алған күнінен бастап 3 (үш) ай өткен соң өзінің
қ о л д а н ы с ы н
тоқтатады.

Министрлік Қасиетті Тақтың Мемлекеттік хатшылығы жоғарыда баяндалғандарға келіскең жағдайда, осы нота және Қасиетті Тақтың Мемлекеттік хатшылығының жауап нотасы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қасиетті Тақтың Мемлекеттік хатшылығы арасындағы Қасиетті Тақтың дипломаттық паспорттардың иелерін Қазақстан Республикасының визалық талаптарынан босату туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді құрайтынын және Қасиетті Тақтың Мемлекеттік хатшылығы дипломатиялық арналар арқылы Қазақстан Тарапының оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы жазбаша хабарламасын алған күнінен кейінгі күні күшіне енетінін негізге алады.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі мүмкіндікті пайдалана отырып, Қасиетті Тақтың Мемлекеттік хатшылығына өзінің зор құрмет сезімін білдіретіндігін тағы да растайды.

Қасиетті Тақтың Мемлекеттік Хатшылығы аталған Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің нотасы Қасиетті Тақ үшін қолайлы екендігі туралы хабарлауды өзіне мәртебе санайды және аталған нота мен осы нота Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қасиетті Тақтың Мемлекеттік Хатшылығы арасындағы Қасиетті Тақтың дипломаттық паспорттарының иелерін Қазақстан Республикасының

визалық талаптарынан босату туралы нотамен алмасу нысанындағы келісімді құрайды.

Қасиетті Тақтың Мемлекеттік Хатшылығы мүмкіндікті пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне өзінің зор құрмет сезімін білдіретіндігіне тағы да сендіреді.

Ватикан, 2013 жылғы 31 қаңтар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК